

**«№9 «Көлтоған» жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінде өткен Әкелер мектебі жиналысының хаттамасы**

Амангелді ауылы

4.10.2023ж

Қатысқаны – 98

К ү н т ә р т і б і н д е :

1. Құқық бұзушылықтың алдын алу – басты міндет.
(ДТЖЖО)
2. Түрлі мәселелер

Т ы ң д а л ы :

Бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Қ.Джорабеков жиналысының өткізу мақсаты «№9 «Көлтоған» жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қыркүйек айына арналған тәрбие жұмысының айлық және жылдық жоспарының «Әкелер мектебі» жобасы аясында «Жасөспірімдер арасында құқықтық тәртіп бұзушылықтың алдын-алу» тақырыбында екендігін таныстыра отырып сөзін бастады. Ол өз сөз барысында бала тәрбиесіне ата-аналардың тікелей жауапты екенін баса айтты. Ата-ана өз балаларының парасатты, білімді азамат болып өсуіне жағдай жасау керек. Жасөспірімдердің құқықтық тәртіп бұзушылығының алдын алу-қазіргі кезеңдегі маңызды міндеттердің бірі болып саналатынын ескертті.

«Ұяда не көрсең , ұшқанда соны ілерсің» дегендей отбасылардың барлығының жағдайы жақсы бола бермейді, кейбір келеңсіз отбасыларда болады, олармен тек түсіндіру шаралары арқылы ықпал ету жеткіліксіз болады. Бұл жағдайда қоғамдық ықпал медициналық және құқықтық шаралар қолданған жөн. Балалық шақтан өткен , бірақ әлі ересектікке жетпеген 11-12 жас пен 14-15 жас аралығын халық педагогикасында жеткіншек дейді. Бұл кезге «қиын жас», «құбылмалы шақ», «өтпелі кезең» сияқты ұғымдар қоса таңылады. Жеткіншектің бойында бұрынғы бар қасиеттерге жаңа саналар келіп қосылады. Оларды жаңа құрылымдар деп атайды. Осы екіжақтылық салдарынан бала қиналысқа ұшырайды да, оның тәрбиеге көнуіне бөгет жасайды. Осы кезеңде баланың жүріс-тұрысына, сабағына , жалпы тәрбиесіне қатты мән беру ата-анаға байланысты екенін айтты. Балаларының , яғни келешек ұрпақтың тәрбиелі білім алуына мектеппен тікелей байланыста болуға шақырды.

Екінші мәселе бойынша Әкелер мектебінің мүшесі Қ.Мырзахметов. Жеткіншек әлі бала болса да, талап қоюы ересектердікіндей өз мүмкіндігін ажырата алмастан «Бәрін өзім істей аламын, сендер мені әлі бала деп ойлайсыңдар» деп үлкендерге наразылық білдіреді. Сондықтан да бала тәрбиесі өте күрделі мәселе екенін айтты. «Баланы бастан» дейді дана халқымыз. Ендеше бала тәрбиесіне ерекше мән беріп , ата-ана, мектеп, біз-сіз болып ынтымақпен жұмыс жүргізсек, «Қиын бала» деген болмаған болар еді дейді.

Тұңғыш президентіміз Н. Ә.Назарбаевтың «Жастар тәрбиесі-басты міндет болса, ұстаз Бір елдің болашағы үшін жасайтын киелі мамандық иесі. Оның парасатты жүріс-тұрысы, сөйлеу мәдениеті, ішкі жан-дүниесі – бала назарынан тыс

қалмайды.» олай болса мектеп пен ата-ана тығыз байланыста болу керек деп қорытындылады.

Жарыс сөзге Әкелер мектебінің мүшесі А.Асылбеков Отбасылық құндылықтарды сақтау, әкелердің бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру, тәрбие процесін ұйымдастыруда және басқаруда мектепке көмек көрсету, отбасылық тәрбиенің жақсы жақтарын насихаттау сынды міндеттерді шешу. Бала бойындағы жақсылы-жаманды қасиеттерін байқаса, қазақ оны ең бірінші әке мен ата тәрбиесінен көреді, «тегіне тартқан» дейді. «Әкесі сондай адам еді, атасы жақсы адам, көргенді бала» деп ер адам тәрбиесін ауызға алады. Өйткені, әкесінің баласына қалдырған ең үлкен мұрасы – оның жақсы тәрбиесі. «Бір әкенің тәрбиесін — жүз мектеп те бере алмас», — деп дана халқымыз бекер айтпаса керек. Сол себепті де бала тәрбиесін халқымыздың ежелгі озық дәстүрлері негізінде жүргізе отырып, оны бүгінгі заманның жетістіктерімен ұштастыра білу маңызды.

Жиналыс жоғарыда айтылғандарды тыңдап талқылай келе төмендегідей шешімге келді.

Шешім:

1. Маңызды да өзекті, болып табылатын бала тәрбиесінің дұрыс жолға қойылуын қадағалансын.

Төраға: С.Тиллабеков

Хатшы: М.Хален

